"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
KSN 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

09-15/3086
04.06.2018

**«Сенімді құрылыс»
ЖШС-нің директоры
Б.К.Дуйсеновке**

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде (әрі қарай – Департамент) Сіздің 22.05.2018 жылғы №54, №14640, №14577, №14638, №14639 арыздарыңыз қаралды.

Департамент тарапынан, «Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ашық конкурс тәсілімен жарияланған №2508770-1 «Шахабиддин көшесіндегі №71 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары», №2508472-1 «Асқаров көшесіндегі №49-51 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары», №2508458-1 «Асилбеков көшесіндегі №8,10 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары», №2508429-1 «Абдуллаев көшесіндегі №35 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары» және №2508492-1 «Шахабиддин көшесіндегі №69 көпқабатты тұрғын үйдің ауласына балалар ойын алаңшасын орнату жұмыстары» мемлекеттік сатып алулардың заңдылықтарына камералдық бақылау жүргізіліп, төмендегі мән-жайлар анықталды.

ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» *(ары қарай – Қағидалар)* Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.*

Құрылыс жұмыстары (жаңа құрылыс, бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу) бойынша мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, техникалық-экономикалық негіздеме, жобалау-сметалық құжаттама және қала құрылысы жобаларын әзірлеу кезінде әлеуетті өнім берушілердің материалдық және еңбек ресурстарының болуын растайтын құжат Қазақстан Республикасының рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес берілген тиісті рұқсат (лицензия) болып табылады.

Қағиданың 5-қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің ескертпесінің 1 тармағының 2 абзацына сәйкес, *«Құрылыс-монтаждау*

жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар және бар объектілерді ағымдағы жөндеу жұмыстарын мемлекеттік сатып алуға қатысатын әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттамада көзделген материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келеді деп танылады» делінген.

Ал, жоғарыда аталған конкурстардың сметалық құжаттамасында балалар ойын алаңшасын ағымдағы жөндеу жұмыстары деп бекітілген.

Осыған орай, құрылыс-монтаждау жұмыстарына тиісті рұқсаты (лицензиясы) бар әлеуетті өнім берушілер конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып саналатын техникалық ерекшелігінде талап етілген материалдық және еңбек ресурстарын конкурстық өтінімінде ұсынбауы мемлекеттік сатып алу Заңнама талаптарына қайшы келмейтіндігін мәлімдейміз.

«Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, жауаппен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа органдарына шағымдануға құқылы екендігіңізді түсіндіреміз.

Басшының орынбасары **К.Сапарбеков**

Орын. О.Ажибеков.
тел. 35-06-06 (ішкі: 117)